



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



«Қазақстан-Республикам менің!»
Мерекелік шара

Өткізген:
Тәрбиеші Отегенова А.З.

Хромтау ауданы, 2024 жыл

"Қазақстан- Республикам менің!"

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: -Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні. Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы Қазақтың
шалқар даласы Республикама
қарашы!

Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!

Шолсаңда биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі Республикама
қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы, Токтамайды
дүбір әні.

Мәңгі бақи шырқалады, Республика
Гимні!

ҚР. Әнұраны орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: :- Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным –бақ -дәулетім,
Болашағым, өнер-білім, өркенім.

Жүргізуші:-Балалар мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтыңдаршы балалар біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады?

Балалар:-Киіз үй деп айтамыз. *(кереге, уық, шаңырақ, оюбасқан киіздерт.б.)*

Жүргізуші: --*(киіз үйді көрсету)* Жарайсыңдар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойынын ұсынамын.

Ойын: «Киізүй»

Ойын шарты:

Қазақтың киіз үйімен таныстыру. Қазақ халқының дәстүріндегі киіз үйдің жасау жабдығын көрсету.

Балалармен жеке

жұмыс. Жалаушаға күнді орналастыру.

Тақпақтар:

Эмиль

Мен бақытты баламын, Айтқан тілді аламын. Республика күнінде, Жұлдыз болып жанамын.

Айбибі

Республика күнінде, Ән айтамыз билейміз. Республика күнінде, Бар жақсыны ойлайтын.

Қайсар

Республикам жасай бер, Атар таңың бақ сыйлап.
Тәуелсіз ел жасай бер, Қуанышты күй сыйлап.

Айдай

Республика күні бұл, Құтты болсын қазағым.

Елім менің тәуелсіз, Таусылмасын базарың.

Данияр

Республикам киелім, Соғып тұрған жүрегім.
Республикам Жасай бер, Мықты болсын тірегің.

Инабат

Құтты болсын Қазағым,

Республика күні бұл.

Хадия

Республика күнінде,

Гүлдей берсін жеріміз,

Рауза

Республикам ғажайып,

Артсын даңқың ажарың.

Қазына

Жақсы көріп сүйетін,

Республикам жаным бұл.

Алдияр

Республика күнінде,

Ән айтамыз билейміз.

Би: "Жалаушалар!"

Жүргізуші: -Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», -деп. Басқада батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен. Бізде осы ата-апаларымыз сияқты. Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

-Ал, балалар, біз Отан туралы мақалдар білеміз бе?

Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.	Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.
Отан отбасынан басталады.	Отан оттанда ыстық, Жалыны бар шоктанда ыстық.
Отансыз адам—ормансыз бұлбұл.	Отансыздың оты жанбайды.
Отан үшін еңбек етсең Халқыңның сүйген ұлы боласың.	Отан үшін күрес—елге тиген үлес.

Жүргізуші: - Күлімде күн, күлімде!
Күлсін барлық балашат.
Берекелі бүгіндей,
Бейбіт болсын болашақ!-

Жүргізуші: -Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүние жүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын-дейміз! Жарайсыңдар балалар! Еліңнің патриоты болыңдар. Сау болыңыздар!



